

*Ғали Орманов атындағы
№7 мектеп - гимназия*

*Ойлау қабілеті мен
танымдық белсенділігі
төмен оқушылармен
тренинг сабақ*

Мектеп психологі:

Доғалбаева Р.А.

Астана қаласы

Оқушылармен тренинг сабақ

Мектеп психологінің сөзі:

Саламатсыздар ма құрметті қонақтар! Құрметті оқушылар! Бүгінгі біздің сабағымыздың I бөлімі психодиагностика бағытында. II бөлімі психокоррекциялық жұмыстарға арналады.

I. Танысу тренингі:

Мақсаты: Оқушылар арасында жағымды есте сақтау қабілетін орнату.

Нұсқау: Қазір, балалар, сіздер 1-ші (партадағы) оқушыдан бастап өз есімдеріңе жақсы сөзбен мақтау немесе мадақтау (сөзін қосып танысу аяқталғанша алдындағы қағаздарына жазып айтып шығамыз).


1-ші оқушы “Менің есімім” деп бастап,

2-ші оқушы жалғастырады, әрі қарай танысу аяқталғанша жалғастырады.

Сонымен танысып болған соң есімдерін жазылған парақты алдарыңа қоямыз.



Не өзгерді?



Мақсаты: Баланың танымдық белсенділігін ояту, зейінін және ес процесін дамыту.

Құралы: Бірнеше ойыншық

Нұсқау:

Үстелдің үстіне бірнеше ойыншық қойылады. Балаға үтелде тұрған ойыншықтарды есіне сақтау ұсынылады. Содан кейін “Көзіңді жұм” деп нұсқау беріледі. Осы кезде жүргізуші 1 ойыншықты алып қояды. Жоғалғанын табу ұсынылады.



Сандарды есіңе сақта

Мақсаты: Баланың есту арқылы қысқа мерзімде есте сақтаудың көлемін анықтауға арналған.

Нұсқау:

Қазір мен саған сандарды айтамын, ал сен “қайтала” жүйелі түрде сандар жоғарыдан төмен қарай оқылады.
(2 секунд ішінде)

9,4,6,5,9,3,8,3

3,9,4,2,1,3,7,5

2,1,7,0,1,8,9,5

Сөздерді жаттап ал

Мақсаты: Жаттап алу процесінің динамикасы анықталады.

Нұсқау:

Балаға бірнеше саналу арқылы 12 сөзден тұратын қатарды жаттап алу және қатесіз еске түсіру. Тапсырмасы беріледі.

Сөздер: ағаш, қуаршақ, гүл, кесе, құс, шаш, сурет, адам, кітап, қалам, киім, алма

Жүргізуші сөзді бірінен соң бірін 3 рет оқиды. Әрбір қатарды еске түсіріп қағаз бетіне түсіреді. Содан соң оқытылып тыңдалады.

"Мен жақсы көремін" ойыны



Ойын шарты:

Дөңгеленіп тұрып, бір-бірімізге доп лақтырамыз. Доп кімнің қолына түссе, сол оқушы кімді жақсы көретінін айтады. Мысалы, мен анамды жақсы көремін. Өйткені ол менің ең жақын адамым. Немесе мен Айнұрды жақсы көремін. Өйткені ол сыпайы т.б. Ойынның соңында доп жүргізушінің қолына тиеді.

Сәлемдесу

Ойын шарты:

Екі оқушы ортаға шығып, бірі інісі, бірі ағасы болып бір-бірімен сәлемдесуі қажет. Інісі ағасына қандай жақсы сөздер айтуы мүмкін? Ағасы інісіне қандай жақсылықтар жасауы мүмкін?

Бір-бірінің жақсы қылықтарын айтып, мадақтау

О й ы н ш а р т ы :

Балалар дөңгеленіп отырады. Жүргізші “Сиқырлы таяқшаны” отырған оқушылардың біріне ұсынады. Ол жанында отырған баланың жақсы жақтарын айтып мадақтайды да, таяқшаны оған береді. Ол таяқшаны осы тәртіппен келесі балаға ұсынады. Ойын осылай жалғаса береді. Айтылатын жағымды сөздер мынандай болуы мүмкін: Айгүл сенің даусың қандай көркем! Гүлнар сенің жүзің сондай мейірімді көрінеді! Марат маған сенің ақкөңілділігің ұнайды т.б. Соңында балалар бір-біріне рақмет айтысып ойынды аяқтайды.



Біріншіден мұндай ойындар балалардың қызығушылығын тудырып, оқу іс-әрекетіне танымдық ынтасын тудырады.

Екіншіден баланың қабілеттерін дамытады (Зейінін бір жерге шоғырландыру, зейінді болуға керекті жерде қажетті нәрсені есте сақтау мен ойлап табуға үйретеді).



*Зейін қойып
тыңдағандарыңызға
рақмет!*

